**МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ**
**между Министерством просвещения Республики Казахстан и Общественным фондом «Қазақстан халқына»**
*по проектам в сфере образования*

г. Нур-Султан «05» 07 2022 г.

Настоящий меморандум о сотрудничестве заключен между Министерством просвещения Республики Казахстан (далее – МП РК) и Общественным фондом «Қазақстан халқына» (далее – Фонд) в дальнейшем именуемые Сторонами, руководствуясь Национальным проектом «Качественное образование «Білімді ұлт», утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 726

согласились о нижеследующем:

**Статья 1**

Стороны, в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями данного Меморандума согласились укреплять, продвигать и развивать сотрудничество в области:

– обеспечения равного доступа обучающихся в сельских школах к качественному образованию;

– содействия в развитии и повышении доступности спортивной и образовательной инфраструктуры;

– обеспечения специальных организаций образования комфортным, безопасным и современным реабилитационным, коррекционным, учебным оборудованием;

– взаимодействия со школами для оказания помощи детям из малообеспеченных семей.

**Статья 2**

Реализация настоящего Меморандума осуществляется посредством:

1) обмена информацией и опытом в областях, указанных в статье 1 настоящего Меморандума;

2) оказания всесторонней поддержки по вопросам реализуемых совместных проектов с местными исполнительными органами в сфере среднего образования;

3) содействия в организации и проведении совещаний, zoom-конференций, встреч с организациями образования дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего образования, учреждениями технического и профессионального образования;

4) содействия с научными и экспертными сообществами (научными и другими организациями, учеными, неправительственными организациями, консультантами, в том числе международными);

5) предоставления информации и статистических данных по реализуемым проектам в сфере образования и науки;

6) осуществляет другие необходимые действия и процедуры для реализации проектов и программ в сфере образования.

**Статья 3**

Реализация сотрудничества, в следующих формах:

- встречи представителей Сторон;
- обмен информацией между Сторонами и обмен общедоступными материалами и публикациями в области сотрудничества;
- другие формы сотрудничества, совместно определяемые Сторонами.

**Статья 4**

В настоящий Меморандум по взаимному согласию Сторон могут вноситься изменения и дополнения, которые оформляются отдельными протоколами.

**Статья 5**

Стороны самостоятельно несут расходы, которые возникают в ходе выполнения ими положений настоящего Меморандума.

Споры и разногласия, возникающие при толковании или применении положений настоящего Меморандума, разрешаются путем переговоров и консультаций.

**Статья 6**

Меморандум вступает в силу с даты его подписания Сторонами и действует до исполнения всех обязательств Сторон.

Прекращение действия настоящего Меморандума не оказывает влияния на осуществляемые в его рамках проекты, не завершенные до даты прекращения действия настоящего Меморандума, если в каждом конкретном случае Стороны не примут решения об обратном.

Совершён в городе Нур-Султан «__»_________2022 года, в двух подлинных экземплярах, каждый на казахском и русском языках

| Министерство просвещения Республики Казахстан | Общественный фонд «Қазақстан халқына» |
| --- | --- |
| _______________ Аймагамбетов А.К. | _______________ Жамишев Б.Б. |

**Білім беру саласындағы жобалар бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі мен «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры арасындағы ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ**

Нұр-Сұлтан қаласы 2022 жылғы «05» 07.2022 г.

Осы Ынтымақтастық туралы меморандум, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын басшылыққа ала отырып, бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – ҚР ОАМ) мен «Қазақстан халқына» Қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) арасында жасалып, төмендегілер туралы келісті:

**1- бап**

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Меморандумның шарттарына сәйкес:

– ауыл мектептерінде білім алушылардың сапалы білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

– спорттық және білім беру инфрақұрылымының дамуы мен қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесу;

– арнаулы білім беру ұйымдарын қолайлы, қауіпсіз және қазіргі заманғы оңалту, түзету, оқу жабдықтарымен қамтамасыз ету;

– аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету үшін мектептермен өзара іс-қимыл жасау саласында ынтымақтастықты нығайтуға, ілгерілетуге және дамытуға келісті.

**2- бап**

Осы Меморандумды іске асыру:

1) осы Меморандумның 1-бабында көрсетілген салаларда ақпаратпен және тәжірибемен алмасу;

2) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп орта білім беру саласында іске асырылатын жобалар бойынша мәселелерді жан-жақты қолдау көрсету;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарымен, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерімен кеңестер, zoom-конференциялар, кездесулер ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу;

4) ғылыми және сарапшылық қоғамдастықтардың (ғылыми және басқа да ұйымдармен, ғалымдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, консультанттармен, оның ішінде халықаралық ұйымдармен) жәрдемдесуі;

5) білім және ғылым саласында іске асырылып жатқан жобалар бойынша ақпарат пен статистикалық деректер беру арқылы жүзеге асырылады;

6) білім беру саласындағы жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін басқа да қажетті іс-әрекеттер мен рәсімдерді жүзеге асырады.

**3-бап**

Ынтымақтастық мынадай нысандарда іске асырылады:

1) Тараптар өкілдерінің кездесулері;

2) Тараптар арасында ақпаратпен алмасу және ынтымақтастық саласында жалпыға қолжетімді материалдармен және жарияланымдармен алмасу;

3) Тараптар бірлесіп айқындайтын ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

**4-бап**

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**5-бап**

Тараптар осы Меморандумның ережелерін орындау барысында туындайтын шығыстарды өздері көтереді.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар жүргізу арқылы шешіледі.

**6-бап**

Меморандум Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың барлық міндеттемелері орындалғанға дейін қолданыста болады.

Осы Меморандум қолданысының тоқтатылуы, егер әрбір нақты жағдайда Тараптар керісінше шешім қабылдамаса, осы Меморандумның қолданысы тоқтатылған күнге дейін аяқталмаған, Меморандумның шеңберінде жүзеге асырылатын жобаларға кері әсерін тигізбейді.

Осы Меморандум Нұр-Сұлтан қаласында 2022 жылғы «__»_________ әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

| Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі | «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры |
|---|---|
| _______________ А.Қ. Аймағамбетов | _______________ Б.Б. Жәмішев |